



## Қазақстан Республикасының ақпарат тапсыруға жауапты мемлекеттік құрылымдарынан талап етілетін ақпараттар тізбесі туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 26 ақпандағы N 44

1. Халықаралық несие агенттіктеріне берілетін есепті әзірлеу рәсімін үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Геология және жер қойнауын барлау министрлігі, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)

1997 жылдың 28 қаңтарына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес ақпарат тапсырсын.

2. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 26 ақпандағы  
N 44 өкіміне  
қосымша

Қазақстан Республикасының ақпарат тапсыруға жауапты мемлекеттік құрылымдарынан талап етілетін ақпараттар тізбесі

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

1. 1996 жылдың статистикалық бюллетені

2. Ағымдағы резерв, инфляциялық және проценттік ставкалар, ақша массасы, валюта айырбастау ставкасы жөніндегі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 1 қаңтардағы ағымдағы есебі бойынша мәліметтер жөніндегі ақпараттар.

3. Еліміз бойынша банктерді жабу, банктерді біріктіру, банктер саны фактілерін

қоса алғанда, банктік қадағалау саласындағы жағдайлар, 1996 жылғы басшылық құрамындағы өзгерістер.

4. 1997 жылғы 1 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкі және коммерциялық банктердің төлем баланстары.

5. 1996 жылғы несиелер туралы мәліметтер.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі

1. 1996 жылы ІЖӨ нақты өсуі және тұтасымен алғанда болашаққа және экономика секторлары бойынша болжам.

2. 1996 жылы экономика секторы бойынша шығарылған тікелей шетелдік инвестициялар туралы ақпарат.

3. Қаржыландыру көздерін қоса алғанда, мемлекеттік инвестициялық бағдарламаға шолу.

4. 1996 жылғы импорт пен экспорттың құрылымы.

5. 1996 жылғы экономикадағы жеке меншік кәсіпорындардың үлесі.

6. 1996 жылғы өзара төлем жасамау проблемалары жағдайлары.

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі

1. Тасымалдау, жобаны аяқтау көзделген мерзімдер жөніндегі келісімді қоса, КТК жобасы бойынша өзгерістер.

2. Өзге де экспорттық кестелер (мұнай своптары және басқалар).

3. 1997 жылы мұнай және газ өндіру мен экспортына болжам.

4. Кен орындарын игеру жөніндегі жаңа келісімдер.

5. 1996 жылы гидрокарбонаттарды ішкі бөлу

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын

қорғау министрлігі

1. 1996 жылғы негізгі кен орындарын игеру және минералдар экспорты мен 1997 жылға болжау жасау мәліметтері туралы.

2. Кен орындарын игеру және өндіру жөніндегі жаңа келісімдер.

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі

мемлекеттік комитеті

1. 1996 жылдың қарашасынан бергі кезеңдегі жекешелендіру нәтижелері.

2. 1996 жылғы жекешелендіруден бюджетке түскен түсім.

3. Жекешелендірілген неғұрлым маңызды объектілер мен неғұрлым

ірі стратегиялық кәсіпорындарды ескере отырып басқару жөнінде жасасылған контрактілер.

4. Жекешелендірудің жаңа әдістері.

5. 1996 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берілген немесе қайта ұйымдастырылған неғұрлым маңызды кәсіпорындардың тізбесі.

6. Қазақстан Республикасының "Банкроттық туралы" Заңының жаңа редакциясы тұрғысынан банкроттық мәселелеріндегі жағдай.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

1. 1996 жылғы бюджеттің атқарылуы.

2. 1997 жылдың бюджеті, тапшылықты қаржыландыру көздері.

3. 1996-1997 жылдардың мемлекеттік қарыз көрсеткіштері.

4. 1997 жылдың 1 қаңтарындағы бюджеттік берешектерге шолу.

5. Бюджеттен тыс қорларға қатысты өзгерістер.

6. Шығыстарды оңтайландыру.